

А.Б. Шалдарбекова^{1*}, Т.Е. Тұмашбай², Р.А. Кемербай²

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан;

²Л.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: aishashaldar1975@mail.ru; tumashbai@mail.ru; ra_2030@mail.ru)

Мағжан Жұмабаев шығармашылығының философиялық аспектілері

Мақала М. Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойы аясында жазылды. Сонымен қатар М. Жұмабаевтың шығармашылығындағы философиялық рефлексиялық мәселелер қарастырылған. Мағжан Бекенұлы жалпы түрік халықтарының қоғамдық қайраткері және сыршыл, лирикалық ақыны. Өнер иесінің шығармашылығына историцизм, күрескерлік рух туралы ойлар және сезімдік толғаныс, абстракциялық елестету тән. Авторлар М. Жұмабаевтың рухани іс-әрекеттілігін неміс философы Ф. Ницшенің өнер туралы көзқарастарымен байланысты зерттеген. Ақын шығармашылығы Ф. Ницшенің адамның дүниетанымын анықтаудағы дін, өнер және философия категорияларының рөлі, ерекшелігі туралы ойларымен салыстырмалы қарастырылды. М. Жұмабаевтың ақындық ойлауына ізгілік, игілік, бақыт және тарихи сана, пантүркішілдік ұғымдарын жырлаумен қатар, пессимистік ойлау, коммунистік идеологияның әділетсіздігінің құрбаны ретіндегі күйзелісті мотивтер тән. Мақаланың жаңалығы ақынның «Пайғамбар», «Жер жүзін топан басса екен» өлеңдерінің мазмұнына ішінара герменевтикалық талдау әдісін қолдану арқылы зерттеу құрайды. Қазіргі заманғы қазақстандық қоғамда ұлттық мінез-құлықтың қайта оянуы, тәуелсіздіктің нығаюы Мағжанның ақындық қызметіне философиялық зерттеу объектісі ретіндегі қызығушылықты ояты. Бүгінгі таңда Мағжантану саласы ұрпақтың рухани, тарихи сана сезімін нығайтумен бірге, тұлғаның рухани мәдениетін дамытушы фактор ретінде орнықты. Мағжан әлемі, оның рухтық жырларының әдеби тілі, мазмұны әдебиетші ғалымдардың шығармашылық ізденістерінде кеңінен зерттелген. Мақалада ақынның шығармашылығының әділетсіздікпен күрестегі әрекеттерімен бірге оның ұлттық болмыс, даналық, тарихи тұлғалық іс-әрекеттелігі мультипәндік әдіспен зерттелді.

Кілт сөздер: мағжантану, шығармашылық, Ф. Ницше, экзистенция, өнер, болмыс, тарих, ойлау, толғаныс, иррационалдык.

Kipicne

Мағжан Жұмабаев қазақ және бүкіл түрік халықтарының ортақ ақыны. Ақынның әдеби, лирикалық және тарихи мәні бар шығармаларынан түрік халықтарының болмысын, дүниетанымын және тарихи санасын көре аламыз. Біз бұл қызығушылықты М. Жұмабаевтың «Алыстағы бауырыма» деген жырынан сүйіспеншілікті анықтаймыз. Бұл өлең, оның Түрік елінің тарихи дағдарыстарға тап болған кезінде жазылған, отаншылдық қолдау жыры еді. Мағжанның жеке және қоғамдық өмірімен қызметі тағдырлы болды. Тәуелсіздік құндылығы, қазіргі заманғы ұрпақты Мағжанмен қайта қауыштырды, оның рухани болмысының тірегіне айналды. Алайда әлі де қоғам үшін оның ақындық қызметі, жырларының даналық ойлары зерттеуді қажет етеді. Бұл шарттар қазақстандық қоғамның ұлттық идеологиялық кеңістігіндегі тұлғаның мәдени дамуына, ұлттық сана сезіміне, отаншылдық рухына деген қажеттіліктерден туындап отыр. Бұл қажеттіліктер ұлттық мемлекеттерде екі жақты орын алады. Олардың біріншісі жаһандандық үрдістерге бейімделу, оның құндылықтарын мәдениет үлгілері ретінде еңсеру арқылы қалыптасады. Ал екінші шартын ұлттық менталитеттің, діни сенімнің беріктігі, оның рухани қуаты құрайды. Діни сенімнің беріктігі авторитарлы секталарға ұқсас діни институттардың сана деңгейіндегі үстемдігінде орын алмауы тиіс және ол біржақты ойлау, сана деректерін бұрмалау жағдайларымен кешенді күресе білуі қажет. Сондықтан кез келген елдің ұлттық мінез-құлығының тарихи қайнарлары архетиптер негізінде қайта орнығады және сана энантидромиясының алдын алады. Өкінішке орай, қазақ халқының мінез-құлығында өз болмысынан жеруі, белгілі бір жастық ерекшелікке жеткенде діни, ұлттық, саяси сана сезімнің екіге жарылуы секілді құбылыстар орын алды. Бұл кеңестік біртұтас идеологияның насихаттық қызметі арқылы ұлттық дәстүрлердің өміршендігін әлсірету арқылы және қазіргі дәстүрлі емес діни ағымдардың ұлттық ерекшеліктерді

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: aishashaldar1975@mail.ru

жөкқа шығару әдістемесінің негізінде өзара қайшылыққа ұшырады. Дегенмен америкалық антрополог М. Мидтің зерттеуіне, «күйзеліс пен қуғында өмір сүрген мәдениет таңқаларлықтай нық сенімділікке, тұрақтылыққа ие. Осындай азап шегу мен қайғы тарихынан өткен ұлттарда өзінің ұлттық сезімін, мақтанышын биік ұстайды, құрмет тұтады» [1]. Мағжантану саласын дербес ғылыми бағыт ретінде, идеологиялық құрал ретінде ұсынуымыздағы ойымыз, халықтың ұлттық қайнарларын ояту, қоғамдық сана сезімнің жаңа құндылықтарды ақылдың, білімнің күшімен игеруін орнықтыру құрайды. Түркия Республикасының Ғылыми академиялық зерттеу ортасында Мағжанның әдеби, философиялық тілінің мәнін зерттеуге қызығушылықтар өте үлкен. Атап айтқанда, Мағжан туралы түркиялық ғалым, қоғам қайраткері Фейзуллах Будактың «Мағжан» әдеби зерттеуі, ғалым Е. Қапағанның зерттеу мақалалары жарияланған. Фейзуллах Будактың көзқарасынша, «Мағжан Жұмабай әдеби күші мен өмірін қазақ, түрік идентификациясы мен рухы үшін жылдар бойы күрескен адамдардың бірі. Мағжанның қоғамдық өмірі мен күресі түрік ұлтының күшіне күш, ұлылығына ұлылық қосқан символдық сенімдердің бірі» [2; 5]. Фейзуллах Будак Мағжан әлемін, оның рухани мұрасын түрік халқына танытқан қоғам қайраткері болып табылады. Ал, зерттеуші Е. Қапаған Мағжанның поэзиясын уақыттың өзгерісімен сипатталатын әлем ретінде сипаттайды. Оның зерттеуіне, «Өзгеріс элементі дамудың құралы. Мағжан уақыттың жаңаруы мен трансформациясынан трагедиялық түйін жасамайды» [3; 197]. Дегенмен Е. Қапағанның бұл ойымен бір жақты келісуге болмайды. Бұл құбылысқа профессор Д. Әлкебаева: «Мағжан мәдени, рухани тұрғыда Батыспен ғана шектелмеген. Ол Шығыстың өнерімен, оның шығармаларымен сусындаған. Сондықтан ол Ғалия медресесінде оқып жүргенде тұтас түрік халықтарына деген сүйіспеншілігін, мейірімін өзінің өлеңдері арқылы көрсеткен», – деген ғылыми көзқарасын білдіреді [4; 58]. Ғалымдардың зерттеуіне, Мағжан Жұмабаев шығармашылығында Батыс әлемі саф таза өркениет ретінде зерттелмейді. Батыс пен Шығыстың өзара өркениеттік қатысуы, орын алуы арқылы дамитын әлеуметтік мәдени орта ретінде дәйектеледі.

Зерттеу әдістері

Мақала тұжырымдамалық зерттеу әдісін қолдану арқылы жазылды. Тұжырымдамалық әдісте мәселені философиялық ойлау арқылы түйіндеу, ұғымдарды теориялық деңгейлерде салыстыру, мәтіндердің мазмұнын, идеясын талдау және тілдік, мәдени қызметтерін синтездеу тәсілдері қарастырылды. М. Жұмабаевтың экзистенциялық толғанысымен жазылған өлеңдерінің мазмұны ел, қоғам, ұлттық сана сезім, идеялық күрес ұғымдары салыстырмалы, мультипәндік әдістер арқылы талданды. Мақаланың зерттеулік деректерін Фридрих Ницшенің, Георг Гегельдің философиялық ойлары, отандық ғалымдар Дихан Қамзабекұлының, Дандай Ысқақұлының монографиялық ғылыми еңбектері құрайды. Мақаланың ғылыми идеясының қайнар көздерін, деректерін жинақтауда мәселені философиялық, мәдениеттанулық деңгейлердегі зерттеулердің аздығы тұрғысынан біршама қиындықтар туындады. Сондықтан Мағжанның шығармашылығындағы даналық көзқарастар, оның интеллектуалдық әлемі өнер категориясы арқылы синтезделді.

Нәтижелері және оларды талқылау

Мағжан шығармашылығы көп қырлы мазмұнға ие, сондай саланың бірін — өнер философиясы құрайды. Философия ғылымының көкжиегінде поэзия, музыка және бейнелеу салалары өнер, креациялық іс-әрекеттілік ретінде зерттеледі. Сонымен бірге Мағжан әлеміне тарихи сананы қалыптастыру, ұлттық мінез-құлықты, адамның эстетикалық талғамын тәрбиелеу әрекеттері тән. Мағжан поэзиясының өнер және тарихи сана категориясы арқылы орнығуы адамды сұлу эстетикасымен елітуі, баурауы және ынтық етуі, жырдың философиялық тарихи мәніне бойлауы арқылы орын алады. Платонның пайымдауынша, эстетикалық іс-әрекеттілік өнердің, шығармашылық қызметтің, нәрсенің бейболмыстан болмысқа ауысуын ізденіс, жасампаздық іс-әрекеттілігі арқылы орнықтырады. Өнер категориясы әсемдіктің символы және идеялық мәні жоғалмайтын, тұрақты құндылықтың атрибуты саналады. Сондықтан өнер әлеміне катарсис қызметі тән. Ал Мағжан Жұмабаевтың жырларында ұлттық, пантүркішілдік идеяларды философиялық рефлексиялау әдістері арқылы бейнелеу қолданылған. Ақынның дүниетанымындағы құбылыстарды философиялық бағалау идеяларында неміс философы Ф. Ницшенің философиялық ойларымен сарындас көзқарастар кездеседі. Мысалы, Ф. Ницшенің зерттеуіне, өнер адамзаттың діни ойлау санасының философиялық ойлау сатыларына ауысуы кезіндегі аралық категорияны құрайды. Өйткені өнер арқылы адам шығармашылық қызметін дамытады. Ол дүниенің жаратылысының сырларын танудағы метафизикалық және ғылыми таным арасындағы қайшылықтарды еңсеруге көмектеседі. Ф. Ницше көзқарасы бойынша өнердің қызметтерін ойлау

аспектілерін қарапайым халық түсінбеуі, кейде ол адамдардың құндылықтық көзқарастарымен, танымымен сәйкеспеуі мүмкін. Себебі, Ф. Ницше философиясында дін, мораль, этика адамның еркіндігін шектеуші құндылықтар ретінде қарастырылады. Қоғамның әлеуметтік-рухани үрдістерді ойлауы, сындық бағалауы мүмкіндіктерінде саналық дағдарыстар орын алып, ол кейде дүниетанымдағы қайшылықтардың туындауына, саналардың болмыс, идея деңгейіндегі күресіне алып келеді. Ф. Ницшенің көзқарасынша, «Өнер консервациялау қызметін, ол сөнген, қараңғы көзқарастарды әсемдеу арқылы, өткен уақытпен, түрлі дәуірлердегі рухтардың оралуы арасындағы байланыстырушы қызметті атқарады» [5; 135]. Алайда Ф. Ницше, діни сананың құлдырауы өнердің дамуына негіз болады, бірақ өнер де адамзаттың балаң, албырт шағын сақтау арқылы өзінің даңқын анықтайды, бұл өз кезегінде оның шектілігін білдіреді деген ойлауды дамытады. Ғылыми ойлаудың күрделілігі, оның сырларын философиялық ұғыну арқылы өлшенеді. Мағжан Жұмабаевтың жырларынан адамның ойлау шегінің жаңа қырларын ашуға деген талпынысын, тарихи сананы ояту арқылы ұлттың рухани жаңаруын, ерік-жігерін тәрбиелеуге деген әрекеттерін анықтаймыз. Ақын шығармашылығы қазіргі заманғы қоғамның да шекаралық болмысын анықтаушы қалыпқа сыймайды. Бұл түсінікті Ф. Ницше дарындылықтың өлшемі ретінде белгілейді және ақын ғылыми ойлаудың адамы ретінде қалыптаспайды деген пікірде болады. Дегенмен Ф. Ницшенің зерттеуінше, өнердің ең құдыретті қызметі, ол «аңдарды адамға айналдыру» [5; 138] және адамның жан дүниесін қозғалысқа келтіруі ретінде қарастырылады. «Аңды адамға айналдыру» аллегориялық мақсатта айтылғанымен, ол өнердің культивациялық қызметінің бір шарты. Мағжанның да ең көп зәбір көруі, осы «аң бейнесіндегі адамдардың» әділетсіздігінен орын алды. Өмір күресінде жеңілген ақын әлеміне сезімталдық, иррационалды ойлау тән болды. М. Жұмабаевтың өнері, оның жасампаздық идеяларының мақсаты болған тұлғалық дәуір рухының шақыруымен қайта оянды, бірақ, тұлғаның әлеуметтік сапалығы от жүректі феноменге, еркін ойлы тұлғаға трансформацияланбай тұр. Тиісінше, жеке адамдардың отаншылдығы, қоғамдық рухы қарапайым құбылыс деңгейінде орын алып, жарқыраған, саф феноменге, этикалық эстетикалық талғамы бар мәдениет субъектісіне айнала алмады.

Поэзия философиялық өлшем деңгейінде түпнұсқалық өнер, оған көшірме, телнұсқалық мүлдем жат. Сондықтан ақынның үні дәуірдің үніндей көрініс береді. М. Жұмабаевтың шығармашылығындағы еркіндік, ерік-жігер категорияларымен бірге, қазақ, түрік, алаш, ел ұғымдары біртұтастық ретіндегі мәні бар, рухтық мазмұнға ие. Ол бұл этикалық құндылықтарды адамның жан дүниесін қозғау арқылы ортақ, жалпыға бірдей құндылықтарды шығыс мәдениеті негізінде игеруді және ол құндылықтарды батыстық өлшемдерге сәйкес синтездеуді ұсынады. Мағжан феноменінің басты жетістігі, осы қоғамдық қатынастағы ұрпақаралық сабақтастықты дәйектеумен қатар, қазақ мәдениетін әлемдік өркениет жетістіктеріне интеграциялау болды. Ағылшын әдебиетшісі Коллридж поэзиялық даналықтың болмысын — ерекше міндет, ұшқыр қиял суреткердің ерекше дарыны және мәңгі жасампаздық әрекеттің көрінісі ретінде анықтайды [6; 322]. Бұл өлшем Мағжан ақындығына, оның даналығының тіліне тән ұғымдардың бірі болып табылады. Сондай-ақ ақын тілінің өткірлігі мен шешендігі, ойының ұшқырлығы қисынды ойлаудың дәлелді аргументтері арқылы өрнектеледі. Мағжан тілі болмыстың интенциясын, өзі туралы танымды ерекшелейді. Мағжан поэзиясы адам сезімдерін толқытады, рухани әлемін, жан дүниесін қозғайды. Алайда адамдардың дүниетанымындағы өзгерістерді философиялық бағалау қандай дәуірде болмасын, оның субъектілерінің мінез-құлығына стимулярлық қасиеттің тән болғанын анықтайды. Шығармашылық іс-әрекеттіліктің стимуляциясы кеңестік кезеңде халық театрлары арқылы ағартушылық қызметтерді идеологияның құрбанына айналдырса, бұл қазіргі заманғы қоғамда өнерді жасандылық әрекеттің тұтқынына айналдырып отыр. Өнердің басты қызметі адамның жан дүниесін байыту және шығармашылық әрекет арқылы қоғамдық мәселелердің дискурсын ояту еді. Шығармашылық іс-әрекеттілік дарындар бәйгесі болудың орнына, саяси жүйенің қызметшісі, өз-өзіне тұйықталған шулы әлем ортасы ретінде танылып отыр. Мағжанның өзі де саяси жүйенің құрбанына айналды. Қоғамдағы идеологиялық саяси күрес ақиқатты біржақты тотальды түсінуге, тек өзінің саяси идеяларын дұрыс деп түсінетін бұқаралық сананың туындауына негіз болды. Мағжан және оның жақтастары, бұл саяси күресте жеңілді, бірақ елдің тәуелсіздігі, тарихи сананың оянуы қазақ халқының ағартушыларын танымдық іс-әрекеттілік, зерттеушілік қызметтің объектісіне қайтарды. Әрине, ақын тұрмыстың қиындығынан қызыл террордан пана іздеді, бұл өз кезегінде Мағжанның сол кездегі саяси жүйенің арбауына тап болуына әкелді. Әдеби сынның қоғамдық қауіптілігі жоқ деген ойда болды. Дандай Ысқақұлының зерттеуінше, «Мағжандар барынша әдеби сынның астына алынды. Ғ. Тоғжановтың мақалаларында да әдебиетке саяси тұрғыдан баға беру басым болды», — деген пікірі бар [7; 28]. Дандай Ысқақұлы өзінің монографиясында ХХ ғасырдың алғашқы жарты-

сындағы қоғам қайраткерлері арасындағы сатқындық, алауыздық орын алғанын және олардың идеологиялық күрестегі жүйені қорғаушы жанкешті әрекеттерін тарихи деректермен береді және сынайды. Мағжанның әдеби тілінің тұлғаның рухани мәдениетін қалыптастырудағы іс-әрекеттілігі, қызметі феномендік сипатқа ие. Ол феномен ретінде сананың интенциясын бағыттаумен бірге оның құндылықтық беки түсуіне ықпал етті. Бұл әрекеттілік кеңестік дәуірдегі қайраткерлер жағдайында қарапайым құбылу, жалған әрекет ретінде ғана орын алды. Мағжанның өзі коммунистік идеяның шырғауына түскен замандастарын «Пайғамбар» өлеңінде «қараңғылық», «қарын», «түн баласы», «түссіз жын», «қанды шу», «көр көзі» ұғымдарымен гиперболалық сипаттау әдісімен береді. Мағжан «Пайғамбар» өлеңіне кеңестік дәуірдегі қайраткерлердің өздерін әлемнің жарты патшасы сезінуін, діни сенімді жоққа шығаруы әрекеттерін сырттай бақылап, сынау әрекеті көрініс береді. Қараңғы түнек әлемнің ізгілікті, мейірімділікті, қанағатшылдықты, рахым секілді жалпы адамзаттық құндылықтарды жұтуы, зұлым күштің символына айналуы меңзеледі. Бұл шығармаға бір жағынан ақынның жан күйзелісі, екінші жағынан болмыстың уақытшалығын, жалған пайғамбарлықтың адамдық келбетін бейнелеу тән. Мағжанның

«Түн баласы, түнерген түн жамылған,
Аллаға емес әзәзілге табынған.

Инжілді өртеп, табанға сап құранды,

«Әділдікті ессіз күткен қарыннан», – деген өлеңінен кер заманның, қан аңсаған, қоғамдық және жеке санасы бұрмаланған, әлсіз қоғамның мінездемесін анықтаймыз. Бұл қоғамдық дерт біздің еліміздегі бір күндік мүддемен өмір сүретін адамдарды сипаттайды. Бір күндік мүдде адамдарға қатысты орын алса, онда оны қоғамдық сананы дұрыс идеологиялық тәсілдермен, халықтың экономикалық тұрмысын жақсарту секілді басқару әдістерімен реттей аламыз. Алайда бір күндік мүдде мемлекеттің қызметі мен ойлауында, оның сана сезімінде орын алса, онда тұтас қоғам деградацияға ұшырайды. Біз коммунистік саяси жүйенің қызметінен мемлекеттік ойлаудың болмысындағы, тарихтағы уақытшалықтың белгілі бір идеяны мақсат тұтып, қысқа мерзімде жеңіске жетуін нәтиже ретінде алдық. Бұл кез келген биліктің сол уақыттағы тактикалық, операциялық жеңісі болғанымен, оның ұзақ мерзімдегі стратегиялық жеңілісі болып табылады. Қазіргі қазақстандық қоғамда әділдікті ізгіліктің символы ретінде түйсінудің орнына, оның адамдардың өзінің жеке мүдделеріне, меркантилдік дүниетанымына төнген қауіп ретінде сезіну психологиясы басым болып отыр. Бұл қоғамдық психоздың белгісі ретінде көрініс береді. Мұндай терістілікті мінез-құлықтың аналогиясын, өз уақытында замандастарының Аристидті әділдігі үшін сол кездегі полистен қуып шығуымен түсіндіреміз. Осы әрекет қазіргі заманғы қоғамнан да, ондағы адамдардың болмысынан байқалып отыр. Біздің қоғамдарға Мағжанның тіліндегі «көр көзіне» ие, жеке сана сезімі бұрмаланған адамдар тән. Шынында да қоғамда жеке мүдделік сана сезім субъектілерінің әділдікті зұлымдық ретінде қабылдайтын бейсаналық шарттары көрініс беріп отыр. Салдарынан қоғамдық сана өзгерістердегі инновациялық мінез-құлықты еңсерудің орнына, оны кедергі ретінде айналып өту немесе игере алмау қасиеттеріне ие болды. М. Фуконың ойлау тарихын эпистемалар ретінде анықтайтын логикалық жүйесіне жүгінетін болсақ, бұл қоғамның репрессиялық сипатының белгілері болып табылады. Мағжан дәуіріне тән қоғамдық басқаруға геноцидтік әрекеттер, адамның қоғамдағы субъектілігінің әлсіздігі, тек биотарих ретінде танылуы тән еді. Сондықтанда адамдарды әлеуметтік белгілеріне қарай таптық жіктеудің салдарынан түрлі мүдделерге ие субъектілер арасында өшпенділік туындап, сана деңгейіндегі қақтығыстар орын алды. Бұл М. Фуко түсінігіндегі биліктің адамдарды тек дене, зат ретінде қолдануына негіз болып, ол өз кезегінде өмір мен өлімге құқықтың жүйені жанталасып қорғауына әкелді. Мұндай жүйенің салдары биліктің халықтың санасына өмір сүру, ұрпақ, бұқаралық феномендер ретінде орнығу арқылы жоюға бағытталды және қызыл террор сол арманына қол жеткізді. М. Фуко ұғымында білім-күші ғана адамның өмірін өзгерту құралы, ал қоғамдық дамудың биотарих пен биокүш деңгейлерінде «қылышқа» жүгінуі орын алады. М. Фуко бұл онтологиялық шарттарды оқиғалардың орын алуын ажырау, шек, белгі, жүйе, құрылым, эпистема, дискурсивті тәжірибе, тілдік оқиғалар терминдерімен талдайды.

Қазақстандық философ Гульжан Бейсенованың зерттеуінше, М. Фуко батыстық білім тарихының жылжуы саласы мәдени кодтар мен бұл кодтардың қатынастарына ғылымдардың және философияның рефлексиясы салалары аралығында орналасқан. М. Фуко бұл саланы эпистема деп атайды және ол білімнің барлық формаларының өзі туралы хабарлауының тарихи заңдылықтарымен трансформациясын зерттейді» [8; 30]. Мағжан түсінігінде, «түн баласы» күн батыстың қараңғы түнегіне тап болып, құр денеге табынушы жануар және ол адамның жан дүниесінің сырын, толғанысын түсіне алмайтын жағдайды сипаттайды. Алайда «түн баласы» ауыр ойлар құшағында күншығыстан үмітті,

жаңа Пайғамбарын іздейді. Пайғамбар аллегориясы танымның білім арқылы құндылықтарды өз болмысына айналдыру, бір санаға біріктіру жолдарын білдіреді. Көзі көр, қайғы мен қара қанның символы репрессивтілік қазіргі заманғы қоғамдарда радикалды көзқарастағы экстремистік қозғалыстарға тән болып отыр. Бұл тенденция әлемдік саясаттың құралына, жеке адамдардың сана сезімін бұрамалау құралына айналды. Экстремистік топтар қазақстандықтар болмысы үшін күрес жүргізіп, қоғамдық, болмыстық, құндылықтық алаңда семантикалық мағынада жеңіске жетуге үмітті. Жалпы қазақ халқының мемлекет ретіндегі саяси, мәдени тарихы өне бойы семантикалық күрестерге толы болған. Ол үрдістерді тілдің алфавиттік өзгерістерге ұшырауынан, іс қағаз тілінің заманға сәйкес ауысуынан көреміз. Бұл Мағжан ұғымындағы «күнбатыста қанды шу», тарихтың орта ғасырлық кезеңіне тән адамның тек дене ретіндегі қолданысын сипаттайды. Ол адамның құқығы мен оның дүниеге көзқарасы шектелген, қараңғы, түнек ғасырларға қайта оралуды білдіреді. Сондықтан қараңғы қоғамдарда дискурс өлшемі «кылыштың» үрейімен шектелген және ойлаудың өзі қылмыс саналуы мүмкін. Қазіргі әлем елдердің, халықтардың мәдениетіне қарай екі жүзділікті пайымдаудың формаларын көрсетіп отыр. Мысалы, Еуропа мемлекеттері үшін Азия мен Африка құрлығындағы қақтығыстар экономикалық табыс көзі ретінде қарастырылады. Олар үшін азиялық адам сана сезімі тұйықталған, қарапайым құрал формасында қалып отыр.

Мағжан шығармашылығының екінші қырын, оның тарихи сананы жаңартуы және тарихи тұлға ретінде қалыптасуы құрайды. Мағжан шығармашылығына философиялық ойлаудың диалектикалық қағидалары тән. Коммунистік жүйелер жұмысшы мен шаруа еркіндігін қорғау идеясын тоталитаризм құралына айналдырып алды. Бұл ұлттық ойлауға ие ағартушылардың елдің еркіндігі, либералдық құндылықтар, жеке меншіктің қастерленуі секілді пікірлерінің жаңа заман шарттарына сәйкес іштей тұйықталуына алып келді. Салдарынан әлемнің саяси жүйелерінде орын алған демократиялық өзгерістер, экономикалық дамулар, қоғамдық жаңарулар кеңестік кеңістікті айналып өтті.

Әлеуметтік-саяси жүйелерде әлемге сілкініс әкелген тарихи бетбұрыстардың бірі, ол АҚШ-тың Тәуелсіздік декларациясының қабылдануы, екіншісі, әрине, ұлы Француз революциясының орын алуы еді. АҚШ пен Еуропа елдеріндегі демократиялық өзгерістер монархиялық жүйелердің билігін ыдыратып, капиталистік жүйелерді қалыптастырған уақытта қазақ сахарасы әлі де аттың үстінде, түйенің қомында өмір сүріп жатты. Әрине бұл қоғамдық мазмұнның түрлі объективті шарттары бар болғанымен, уақыттың үздіксіз қозғалысынан қазақ елі сырт қалды. Жалпы, қазақ халқының дүниетанымына кеңістіктік ойлау тән, бұл өз кезегінде қазіргі заманғы қоғамның болмашы, мәнділігі төмен идеялардың арбауына түсіп, уақыттың қазіргісінен кеш қалуына әкелді. Бұл қоғамның өзіндік болмысын тани алмауына негіз болды. Бұл шартты М. Жұмабаев «Жатыр» өлеңінде қазақ халқының әлемдік өркениеттен кеш қалғанын сынау арқылы көрсетеді.

«Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,
Бірі — ай, бірі — жұлдыз, бірі — күн боп,
Жалтырап, көктен нұрын шашып жатыр.
Таласып өнер, білім алып жатыр» [9; 57].

Бұл құбылыс қазіргі қазақ қоғамына да тән кемшіліктердің бірі. Диалектиканы табиғаттың қажетті заңы деп санап, диалектика тарихтың жүру бағытын анықтайды, – деп есептеген Г. Гегельдің көзқарастарына сәйкес адамдар тарих үдерісін өзгерте алмайды. Г. Гегельдің пікірінше, философия тарихқа оның нақты мазмұнына қайшы келетін алдын ала болжамды идеялармен жақындамауы керек. Ол сол кездегі неміс тарихшыларын тарихта әр түрлі фантастикаға жол берді деп сөкті. Г. Гегельдің ойынша, философия ұстанатын жалғыз ой, әлемде үстемдік ететін нәрсе — ақыл болуы керек, демек, дүниежүзілік тарихи процесс ақылмен немесе ақылға қонымды болып аяқталуы қажет. Д. Қамзабекұлының зерттеуінше, «Ұлттық мінездің көзге көрінбейтін терең тұрақты қабаттарымен бірге, заманалардың пәт-пәрменіне қарай мазмұны жаңаланған пішіні түрленіп тұратын тұрлаусыз «қабықшалары» болады; осылардың диалектикалық бірлігі мен күресі ұлттық мінездің өзгерістерін, генезисін, эволюциясын, даңқын, деформациясын барлауға мүмкіндік береді» [10; 30].

Тарихи дамудың негізі ретінде әлемдік рухтың орнына адамдар арасындағы қатынас материалдық игіліктерді өндіру процесінде пайда болады және ол қоғамның экономикалық негізін құрайды, ол саяси, құқықтық, діни және басқа да идеялар түріндегі белгілі бір идеологиялық қондырмаға сәйкес келеді. Сонымен қатар, мемлекет, сот, полиция түріндегі қоғамдық институттар олармен байланысты болады. «Мұндай жағдайдағы ең жоғарғы құндылық — тарихтың сөзсіз жүріп отыратын үдерісінің алға жылжуын қабылдау және соған бой ұсыну» [11; 140]. Жалпы әлеуметтік танымның бір түрі, ол тарихи таным. Тарих — ол зерттелетін объектісі өткен кезеңге қатысты болса да, оны қазіргі ұғымдар

мен тілдік құралдар жүйесіне тікелей жеткізуге ұмтылады. Тарихи танымның орталық міндеттерінің бірі — тарихи фактілер мен оқиғалардың шынайылығын анықтау, жаңа, осы уақытқа дейін белгісіз фактілерді ашу. Бірақ сонымен бірге әрбір зерттеушінің белгілі бір дүниетанымдық ұстанымдары бар екенін айта кеткен жөн. Ол әртүрлі әлеуметтік топтармен, таптармен қоршалған қоғамда өмір сүреді, құндылықтық көзқарас шешуші рөл атқаратын тиісті білім алады, өйткені кез келген мемлекет жас ұрпақты белгілі бір рухта тәрбиелеу керек екенін, өзінің алдындағы ұрпақ қалдырып кеткен құндылықтар мен байлықты бағалай білуі керек екенін жақсы түсінеді. Сонымен қатар, қоғамда өзінің әлеуметтік жағдайына байланысты әркімнің белгілі бір тарихи оқиғаларға қатысты әртүрлі көзқарастары бар. Тарихи таным мен тарихи сана үрдістері философтарды көптен толғандырып келе жатқан мәселеге жатады. Тарихи таным мәселесі жаңақантшылдар тарапынан айрықша қойылады. Дереккөздерден біз тарихи үдерістің тек бір бөлігін ғана білеміз. Тарихи өткен дәуірлер, ондағы оқиғалар мен тұлғалар туралы біздің білімімізде ақтаңдақтар болып қана қоймай, оның дұрыс емес, жалған түсініктер мен қателіктерге толы екендігі де рас. Өткенді біз тек өзінің тікелей мағынасында қарапайымдылықпен танимыз, оның формаларын абсолюттік деп қабылдаймыз және тек өзімізді ғана объективті төреші деп есептейміз.

Негізінен алғанда тарихи оқиғалар мен процестердің дара, қайталанбас, тіпті өзіне ғана тән сипаты болғандықтан оларды зерттеген кезде кең ауқымды тұжырымдар мен болжамдар жасау мүмкін емес және олардан тарихи тағылым алудың мүмкін еместігі жиі айтылады.

Біріншіден, тарих басқа қоғамдық ғылымдар сияқты санасы мен ерік-жігері бар, алдына белгілі бір мақсаттар мен міндеттер қоятын адамдар әрекет ететін қоғамды қарастырады.

Екіншіден, қазіргі уақытта болып жатқан құбылыстар мен процестерді зерттеумен айналысатын басқа қоғамдық ғылымдарға қарағанда, тарих өткен оқиғаларды зерттейді және өткенді дәл жеткізуді талап етеді. Өткенді жаңғырту тарихи танымның ерекшеліктеріне әсер етпей қоймайды. Бірақ бұл ерекше айырмашылықтар мен белгілердің барлығы тарихи білімді ғылыми танымның жалпы процесімен, оның принциптерімен және зерттеудің жалпы әдістерімен байланыссыз болады деп қарастыруға құқық бермейді.

Біз тарихты былай түсінеміз, яғни біздің алдымызда өткен адамдардың нақты өмірі, олардың бірлескен қызметі ретінде көрінеді, ол белгілі бір уақытта және белгілі бір жерде болған көптеген өзара байланысты оқиғалардан көрінеді. Бұндай нақтылық негізгі рөл атқарады және оны объективті шынайылық тұрғысынан жеткізу шарт. Философиялық тұрғыдан алғанда, тарих хронологиялық тұрғыдан үздіксіз оқиғалар тізбегі, өткені мен қазіргісі болады. Сондықтан, тарих деп аталатын адамдардың әлеуметтік өмірінің өткені, қазіргісі және болашағы болуы мүмкін деген көзқарасты ұстанған жөн. Бұл қоғам мен тарих арасындағы қатынастардағы кез келген хронологиялық көлеңкені толығымен алып тастайды.

Жаңақантшылдар көтерген тарихи таным мәселесін қазіргі философияда К. Поппер жан-жақты қояды. К. Поппердің көзқарасынша, «шындығында ешқандай тарихи заңдылықтардың болуы мүмкін емес. Тарихтың міндетінің өзі осы жеке оқиғаларды талдау және олардың себептерін түсіндіру болып табылады» [12; 319]. К. Поппердің ойынша, өркендеу дегеніміз адамдық жаратылысқа тән болған қандай да бір мақсатқа қарай ұмтылу деген сөз. Сонымен бірге К. Поппердің зерттеуі бойынша, марксистік философияға тоталитарлық өктемдік тән. Бұл жағдайды қазақ тарихында большевиктік революция салдарынан орын алды және оның қоғамға салған жарасы әлі де қансырап тұр. Профессор Д. Кішібековтың зерттеуінше «Философия аналитикалық ойлаудың негізіне құрылған. Егер тарих білім болса, философия пайымдаумен сипатталатын қиял. Тарих философиясы айғақтарға, оқиғаларға, тұлғаларға, халықтардың тағдырына деген жай ғана қатынас емес, сонымен қатар, осы айғақтар туралы пікір, оларды талдау» [13; 47]. Тарихи тұлғалар қазақ елінде ғасырлар бойы тұншығып жатты және саяси жүйелердің қызметі туралы ойлана алмады. Дегенмен ХХ ғасыр қазақ халқы ағартушылық, буржуазиялық-ұлттық және большевиктік идеологияларға жіктелген және еуропалық білімдерді меңгерген тұлғаларды шығарды. Бұл тұлғалар Орта Азия кеңістігінде ірі төрт мемлекеттік құрылымдарды құра білді, бірақ олардың негізгі қаймағы тарих сахнасынан көшті. Бұл қазақ қоғамындағы өнеркәсіптік, технократтық ойлаудың, қазақ халқының шаруашылық тұрмысының, экономикалық мәдениетінің әлсіз болуымен түсіндіріледі. Қазақ ағартушыларының қазіргі заманғы прагматикалық ойлаудың өлшемдерін жасақтай алмауы, ол қазақ халқының дүниетанымындағы рухани этиканың шешендік эстетика мен риторика деңгейінде қалып кетуімен байланыстырады. Әрине тарихшы да философта белгілі бір дерекке қатысты дәйекті мысалды сұрауы қажет. Алайда, біз бұл сынның маңыздылығын қазіргі қоғамдық ойлау мен іс-әрекеттілік арқылы бағалаймыз. Қазақ ағартушыларының

қайраткерлігін зерттеген профессор Дихан Қамзабекұлы олардың бірнеше мемлекетті құру фактісіне былай жауап береді. Дихан Қамзабекұлының көзқарасынша, «Алаш Орда үкіметі мен Түркістан автономиясы жарияланбағанда, қазір біз Ресей Федерациясының Татарстан, Башқұртстан сияқты автономиялық республикасы болатын едік» [14; 8]. Мағжанның «Жатыр» өлеңіндегі тағы бір қоғамдық фактінің бірі, ол қоғамның әлеуметтік құрылымындағы бай мен кедей арасындағы құндылықтық алшақтау. Ұлттық мінез-құлық, елдік мүдде қазақ халқының ұлт ретінде ұйысуы арқылы және өзге халықтар үшін құқықтық, саяси және мәдениеттік жауапкершілікті сезінгенде ғана орын алатынын көрсетеді. Қазіргі заманғы қазақстандық қоғамда архаикалық ескі менталитет әлі де өзінің үстемдігін танытып отыр. Мағжан түсінігінде адамның оқып, төре болуы, шен алып, оған бақыт құсы қонуы, өз өзінді, өзінің тарихыңды ұмыту дегенді білдірмеуі қажет. Ұлт өркениеттік деңгейде биікке көтеріліп, ассимиляция үрдісінің өзегіне айналғаны дұрыс. Дегенмен Мағжанның өлеңінде өрілген әдеттегі сана құбылысы ұлттың маргиналдануына негіз болып отыр. Мағжанша айтқанда, «Ұмытып өзін-өзі бұл сабазың, жұртына қарсы таяқ соғып жатыр». Бұл қазақ халқының болмысына жат әрекет саналады. Біздің халқымыз мұндай теріс мінез-құлықтың формаларына колонизациялық саясаттың салдарынан ие болды. Философия ғылымында тарихи шарттарға қатысты өзіндік сана сезім көрінісінің екі түрі ажыратылады. Олар: құлдық сана және еркіндік санасы. Еркіндік санасы үстемдік санасы. Бұл классификацияны жасаған неміс философы Г. Гегель. Ол бойынша еркіндік санасы өз дамуында үш кезеңді, стоицизм кезеңін, скептицизм кезеңін және уайым, бақытсыз санасы кезеңін еңсереді. Халықтар уайым, бақытсыз санасы кезеңінде ғана өзінің іс-әрекетілігі мен ойлауының тұйықталуынан шыға алады және жоғары рухқа ақылдың еншісінде ие болады. М. Жұмабаевтың «Жер жүзін топан басса екен» өлеңінде, біз ойлаудың пессимизмге тән элементтерді байқаймыз. Қоғамдық пессимизмнің орын алуы ел азаматтарын дәрменсіздікке, жігерсіздікке алып келеді. Бұл әлеуметтік мінез-құлық билік институттары іс-әрекеттілігінің азаматтардың белгілі бір идеалдық сезімдерінің, қажеттіліктерінің арасындағы әлеуметтік күтілімдердің қайшылықтары салдарынан орын алады. Қоғамдық қатынастардағы мақсат пен құралдардың өзара сәйкеспеуі, адамдардың болмысындағы терістіктің туындауына негіз болады. Бұл қоғамдағы терістіктің диалектикалық қарама-қарсылығы тұлғаның кері әлеуметтенуіне негіз болады. Ал қоғамдық мінез-құлықтағы кері әлеуметтену жеке адамның апорияға ұшырауына, қоғамда сыбайлас жемқорлық, қылмыс секілді әрекеттердің өршуіне, оның әдеттегі сана түрінде орнығуына негіз болады. Мағжан жағдайындағы пессимизм мен оның экзистенциалдық күйзелісін сол кездегі қоғамның дұрыс қабылдамауынан, таптық күрестің идеологиялық күрес құралына айналуынан туындады. Бұл қазіргі заманғы ХХІ ғасырдағы қазақ қоғамы жалған, сана деңгейінде бұрмаланған дінсіздік әрекеті ретінде түсіну емес, керісінше елдің прогресі туралы өзектіліктегі ойлауын білдіреді. Бұл өлеңде философиядағы бүлікшілдік мінез-құлықтың элементтері бар. Мағжан жырларының өзегі де намысы, жігері, қызуы, құлшынысы от жүректі адам, ол күрес рухының жаршысы ретінде қабылданады. Күрескерлік рухы тек адам аралық қатынастағы, саяси ойдағы әрекет емес, керісінше аласұру, таудай теңселу, өзін жағаға тастау құбылысын сипаттайды. Бұл жырдың екінші қыры, ол Мағжанның коммунистік атеизмнің менменшілдігін сырттан бақылауын білдіреді. Мағжан бұл жырында:

Жер жүзін топан басса екен!

Асқар таудан асса екен!

Таудай толқын құтырып,

Улы көбік шашса екен!

Басса екен топан жер жүзін!

Жапса екен көбік күн көзін!

Жанды, жансыз жоқ болып,

Қалсам жалғыз бір өзім!

Жан иесі тұншықса!

Үн иесі үн шықса!

Қараңғы жердің көгіне

Күн болып сонда мен шықсам!

Қандай ойын салар ем!

Жалынмен бәрін жалар ем!, – деген ой айтады.

«Үн» бұл жаратушы символы, ал от ежелгі грек философы Гераклиттің тәмсілінде, дүние жаратылысының субстанциясын және логосты құрайды. М. Жұмабаевтың өз сөзімен айтқанда жаңа адам оттан жаралған және қараңғылық әлеміне жарық күнді тудырушы Күн адамы. Күн адамы еркіндіктің,

ойдың адамы және қоғамдық, азаматтық жауапкершіліктің ортақ мәдениетті қалыптастырудағы үлгісі бола алады. Г. Гегельдің көзқарасынша, «Азаматтық қоғамда барлығы өзі үшін мақсат, қалған барлығы, ол үшін ештеңе де емес» [15; 228]. Мағжанның Күн адамы Ф. Ницшенің асқақ адам концепциясына ұқсайды, бірақ Мағжан жырларына атеистік көзқарас тән емес. Алайда ақын сол дәуірдегі имамдардың қоғамды өзінің жеке мақсатына қолдану әрекеттерін қатты сынады. Г. Гегельдің бұл философиялық концепциясы кез келген мемлекеттің саяси дамуының шарты ретінде азаматтық қоғамның қалыптасуын, еркіндіктің құндылық ретінде орнығуын білдіреді. Азаматтық қоғам адамның еңбек ету қажеттіліктерін реттеумен бірге, оның қоғам ретіндегі беріктігін арттырады. Сондықтан қоғамдық ойлаудың диалектикалық заңдарды, қағидаларды басшылыққа алуы оның ұғым ретіндегі біріккен мәдениетке айналуының, болмыс сапалығының шамасын құрайды. Мағжан ақындығының диалектикасы мәнді ұлттық мәдениеттен, тарихи санадан іздеу арқылы уақыттағы құбылыстарды қатаң сынауын білдіреді.

Мағжан феноменінен еркіндік рухынан айырылған қоғамдардың ұлттық сана сезімінің деградацияға ұшырауы, тобырлық мінез-құлықтың үстемдікке ие болуын көреміз. Ұлттың және өзінің идеялық қағидасын қорғау жолында қанша азапты күндерге тап болған, Мағжанның өмірден түңілуін, осы өлеңінен көреміз. Сонда да ақынның күрескер рухы мойымайды және тағдырға қарсы ұмтылады. Бұл Мағжан Жұмабаевты саясат сарсаңы, оның сұм ойындары шаршатқан кезде, өзіне анталап, шапшыған тобырға «жанды, жансыз жоқ болып, қалсам жалғыз бір өзім», - деген кейісі, жан күйзелісі ретінде көрініс береді. Шынында да бұл көңіл күй Мағжанды ғана емес, оның әдеби мұрасын зерттеуші, қазіргі ағартушы ғалымдарды да ашындырады.

Көптеген қоғамдарда дәуірдің үні ақынды ерекшелігінен айыру арқылы қатарымызға қосқымыз келетін, өзімізден оздырғымыз келмейтін мінез-құлық әлі де сақталып отыр. Заманды тұлғалар, феномендер жасайды, оның рухани әлемін анықтайды. Мағжанның:

Таудай толқын құтырып,

Улы көбік шашса екен, – деген ойы, сол кездегі замандастарының жалаң менмендігін, сауатсыздығын, өзімшілдігін білдіреді. Ал ақынның, «қандай ойын салар ем, жалынмен бәрін жалар ем», – деген күйзелісі оның ашынған дәрменсіздігін бейнелейді. Бұл тоталитарлық қоғамның тұлғаның еркіндігін жаншуына дәрменсіз қарсы шығуы, қарсы көтерілуі, оның психологиялық аласұруы. Кер заманды жеңсем деген арман. Жалпы Мағжан құбылысына бұғауға қарсы үнсіз күресу тән. Бұл шартты Д. Ысқақұлы «Мағжан іші мұң мен зарға толы Ақан өмірінен өзіне жақындықты, ұқсастықты көреді, сұлулықты, адалдықты, адамдықты идеал тұтты», – деген ойын білдіреді [7; 171]. Гуманитарлық ғылымдарда Мағжантану саласы кешенді зерттелуі қажет. Бұл зерттеулер оның қазақ қоғамына, оның рухани әлеміне ықпалын анықтау, ғылыми заңдылықтарын жасақтау мақсатында орын алуы тиіс.

Қорытынды

Философия ғылымында Мағжан Бекенұлы тарихи тұлға және феномен ретінде зерттеледі. Бұл феномен қазақ халқының дүниетанымының қалыптасуында негізгі рөлді атқарады. Дегенмен Мағжан Жұмабаевтың поэзия әлемі лирикалық, сыршыл мазмұндарға толы болғанымен, оның тарихи, философиялық мәнді жырларында жаңа дәуірді аңсау, жаңа адамды жарату заңдылықтары ой формасында ғана орын алады. Мақалада Мағжан феномені өнер іс-әрекеттілігі, оның философиялық шығармаларымен үндестігі, от, күн символдарының ерік-жігер, құндылықтарды қайта бағалау әрекеті ретінде зерттелді. Бұл жаңа дәуірдің алғышарттарын Мағжан дүниетанымы бойынша қабылдау философиядағы постмодерндік мектептердің ойлау тәсілдеріне сәйкес келеді. Ия, Мағжан әлеміне торығу, уайымдау, кейде замандастарынан түңілу тән. Ол пессимистік көзқарастың туындауы, сол заманның тоталитарлық және бұқаралық мазмұндағы ойлауымен, кейде большевиктік позициядағы қайраткерлердің ішкі кегі, өшін қайтаруы секілді әрекеттердің орын алуымен байланысты еді. Тұлғалар тұншыққан қоғамда тобырлық сана үстемдікке ие болады. Бұл тобырлық сана сезім мемлекеттің рухын, оның тілдік, саналық идеясына қарағанда, тұрмыстық сана деңгейінде ойланып, адамның еркіндігін шектеуге, ерекшеліктерді жаншуға бағытталады. Бұл тарих социалистік қоғамда орын алды. Социалистік тәртіп қазақстандық қоғамға медицина ұйымдарын, театрларды, білім беру институттарын комплексті құру арқылы үлкен жаңалықтар әкелді. Алайда ол жетістіктер үшін қазақ ұлты өте ауыр құн төледі және өзінің рухани әлемінде әлі де өтеуін беріп келеді. Сондықтан қазіргі қазақ қоғамының феномендері құбылыс деңгейінде жарқырай алмады, керісінше құбылмалы ортаның субъектісіне айналып отыр. М. Жұмабаевтың өлеңдері герменевтикалық талдау әдісі арқылы жаңаша, терең мағыналы таным құралы ретінде зерттелуі қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мид М. Культура и мир детства / М. Мид. — М.: Наука, 1988. — 283 с.
- 2 Budak F. Мағсан: Ölümlü Öldüren Ozan / F. Budak. — Ankara: Atayurt Yayınevi, 2020. — 260 s.
- 3 Караған Е. Kazak Şiirinde Tematik Değişimler (Мағсан Cumabaey'in Şiirleri Örneğinde) // Türk Bilimi Araştırmaları. — 2015. — Sayı 37, 189. — S. 189-217
- 4 Alkevayeva D. The Phenomen of Spirituality in the Philosophy of Magzhan Zhumabayev / D. Alkevayeva // International Journal of Humanities Social Sciences and Education. — 2015. — No 2(4). — P. 56-65.
- 5 Ницше Ф. Человеческое, слишком человеческое / Ф. Ницше. — М.: Эксмо, 2019. — 351 с.
- 6 Кенни Э. Қазіргі заман философиясы / Э. Кенни. — Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2019. — 419 б.
- 7 Ысқақұлы Д. Мағжан поэзия падишахы / Д. Ысқақұлы. — Алматы: Дәуір, 2020. — 256 б.
- 8 Бейсенова Г.А. Концепция власти — знания М.Фуко / Г.А. Бейсенова. — Алматы: Казах. нац. ун-т, 2004. — 195 с.
- 9 Жұмабаев М. Шығармалары / М. Жұмабаев. — Алматы: Жазушы, 2013. — 375 б.
- 10 Қамзабекұлы Д. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік / Д. Қамзабекұлы. — Алматы: Агна-б, 2013. — 192 б.
- 11 Джонстон Д. Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін / Д. Джонстон. — Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2019. — 212 б.
- 12 Поппер К. Ашық қоғам және оның жаулары / К. Поппер. — Алматы: Раритет, 2006. — 544 б.
- 13 Кишибеков Д. Философия истории и современность / Д. Кишибеков. — Алматы: Ғылым, 2022. — 247 с.
- 14 Қамзабекұлы Д. Алаш арқауы / Д. Қамзабекұлы. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. — 408 б.
- 15 Гегель Г. Философия права / Г. Гегель. — М.: Мысль, 1990. — 524 с.

А.Б. Шалдарбекова, Т.Е. Тумашбай, Р.А. Кемербай

Философские аспекты творчества Магжана Жумабаева

Статья была написана в рамках 130-летнего юбилея М. Жумабаева. Рассмотрены вопросы философской рефлексии творчества М. Жумабаева. Магжан Бекенулы является поэтом-лириком, кроме того, он воспринимается общественным деятелем тюркских народов. Творчеству поэта характерны не только историцизм, размышления о духовности, но и иррациональное переживание, абстрактное воображение. Авторы настоящей статьи проанализировали истоки духовной деятельности М. Жумабаева, сравнили его сочинения об искусстве с философскими взглядами немецкого философа Ф. Ницше. В частности, высказывания Ф. Ницше о роли, специфике категорий религии, искусства и философии в определении познавательных действий человека. Поэтическое наследие М. Жумабаева прошло испытание временем и доказало свою художественную ценность, в нем синтезированы категории гуманизма, благородства, счастья и пантюркизма, пессимизм, лирические переживания и чаяния казахского общества. В статье использован герменевтический метод при анализе произведений «Пророк» и «Если б на земле потоп случился» для определения философского смысла художественных образов. Возрождение национального самосознания в современном казахстанском обществе, укрепление независимости вызвали неподдельный интерес к поэтической деятельности Магжана как объекта философских исследований. Сфера исследования трудов Магжана укрепила духовное, историческое самосознание поколений, она заложила основу для формирования его как идеологического контента общественной политики. Поэт с болью оценивал радикальные изменения в обществе, пытаясь осмыслить будущее казахского народа и трагизм необдуманного действия современников. Проанализирована ценность творческого вклада М.Б. Жумабаева для культуры и исторической памяти Казахстана в целом.

Ключевые слова: магжановедение, творчество, Ф. Ницше, экзистенция, искусство, бытие, история, мышление, переживание, иррациональность.

A.B. Shaldarbekova, T.E. Tumashbay, R.A. Kemerbay.

Philosophical Aspect of the Work of M. Zhumabaev

This article was written as part of the 130th anniversary of M. Zhumabaev. The article examined the issues of philosophical reflection of the work of M. Zhumabaev. M. Bekenuly is a poet lyricist and he is truly perceived as a single, public figure of the Turkic peoples. The poet's work is characterized not only by historicism, reflections on spirituality, but also by an irrational experience, abstract imagination. The article contains a study of the spiritual activity of M. Zhumabaev and a comparison of his works with the philosophical views of the German philosopher F. Nietzsche on art. A comparative study by F. Nietzsche on

the role, specifics of categories of religion, art and philosophy in determining the cognitive actions of a person was used. The poetic heritage of M. Zhumabaev passed the test of time and proved its artistic value and synthesized the categories of humanism, nobility, happiness and pan-Turkism, pessimism and lyrical experience of the aspirations of Kazakh society. The article uses the hermeneutic method of contents of the verse “Prophet” and “Flood” to determine the philosophical meaning of artistic images. The revival of national identity in modern Kazakh society, the strengthening of independence aroused interest in the poetic activities of Magzhan as an object of philosophical research. The field of study of the works of Magzhan strengthened the spiritual, historical self-awareness of generations. She laid the groundwork for shaping it as ideological content of public policy. He painfully assessed radical changes in society, trying to comprehend the future of the Kazakh people and the tragedy of the rash action of contemporaries. The value of M. Zhumabaev's creative contribution for the culture and historical memory of Kazakhstan was analyzed.

Keywords: Magzhan study, creativity, F. Nietzsche, existence, art, being, history, thinking, experience, irrationality.

References

- 1 Mead, M. (1988). *Kultura i mir detstva* [Culture and the world of childhood]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 2 Budak, F. (2020). *Mağcan: Ölümü Öldüren Ozan* [Magzhan: the bard who killed death]. Ankara: Atayurt Yayınevi [in Turkish].
- 3 Қапаған, Е. (2015). Kazak Şiirinde Tematik Değişimler (Mağcan Cumabaey`in Şiirleri Örneğinde) [Thematic values in Kazakh poetry (in the example of Magzhan Cumabaey's poems)]. *Türk Bilimi Araştırmaları —Turkish Science Studies*, 37, 189, 189-217 [in Turkish].
- 4 Alkevayeva, D. (2015). The Phenomen of Spirituality in the Philosophy of Magzhan Zhumabayev. *International Journal of Humanities Social Sciences and Education*, 2(4), 56-65.
- 5 Nietzsche, F. (2019). *Chelovecheskoe, slishkom chelovecheskoe* [Human, too Human]. Moscow: Eksmo [in Russian].
- 6 Kenny, A. (2019). *Qazirgi zaman filosofiiasy* [Modern Philosophy]. Astana: Ul'tyq audarma biurosy [in Kazakh].
- 7 Ysqaquly, D. (2020). *Magzhan poeziia padishakhy* [Magzhan the king of Poetry]. Almaty: Daur [in Kazakh].
- 8 Beisenova, G.A. *Kontseptsiia vlasti — znaniia M. Fuko* [Power Concept – Knowledge of M. Fucoult]. Almaty: Kazakhskii natsionalnyi universitet [in Russian].
- 9 Zhumabayev, M. (2013). *Shygarmalary* [Essays]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 10 Qamzabekulu, D. (2013). *Ul'tyq adebiet zhane dasturli mentaldik* [National Literature and Traditional Mentality]. Almaty: Arna-b [in Kazakh].
- 11 Dzhonston, D. (2019). *Filosofiianny qysqasha tarikhy. Sokrattan Derridaga deiin* [A Brief History of Philosophy. From Socrates to Derida]. Astana: Ul'tyq audarma biurosy [in Kazakh].
- 12 Popper, K. (2006). *Ashyq qogam zhane onyn zhaulary* [Open Societies and its Enemies]. Almaty: Raritet [in Kazakh].
- 13 Kishibekov, D. (2022). *Filosofiiia istorii i sovremennost* [Philosophy of History and Modernity]. Almaty: Gylym [in Russian].
- 14 Qamzabekulu, D. (2017). *Alash arqauy* [Pillars of Alash]. Almaty: Qazaq entsiklopediiasy [in Kazakh].
- 15 Hegel, G. (1990). *Filosofiiia prava* [Philosophy of Law]. Moscow: Mysl [in Russian].